

Қ.И. САТБАЕВ атындағы ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ
ТЕХНИКАЛЫҚ ЗЕРТТЕУ УНИВЕРСИТЕТІ

СӘТБАЕВ
УНИВЕРСИТЕТІ



ХИМИЯЛЫҚ ЖӘНЕ БИОЛОГИЯЛЫҚ
ТЕХНОЛОГИЯЛАР ИНСТИТУТЫ

БЕЙОРГАНИКАЛЫҚ ЗАТТАРДЫҢ
ХИМИЯЛЫҚ ТЕХНОЛОГИЯСЫ КАФЕДРАСЫ



«Қорғауға жіберілді»

«БЗХТ» кафедра меңгерушісі

ХИМ.ҒЫЛ.КАНД., ДОЦЕНТ

Жунусбекова Н.М.

«20» 05 2019

ДИПЛОМДЫҚ ЖҰМЫС

Тақырыбы: « МЕКТЕПТЕГІ ХИМИЯ ПӘНІ БОЙЫНША БЕЙІНДІК
ОҚЫТУ»

5B012000 – «Кәсіптік оқыту» білім беру бағдарламасы бойынша

Орындаған бітіруші

Ғылыми жетекшісі

Норма бақылаушы

Жұмаш Әсем Болатқызы

х.ғ.д., проф. Хусаинова С.Х.

тьютор Мырзабекова Ш.У.

Алматы 2019

РЕФЕРАТ

Структура и Объем дипломной работы : 32 страниц, 6 таблиц, 8 диаграмм, 56 источников литературы.

Ключевые слова: профильное обучение, профильная школа, предпрофильное обучение, дифференциально - диагностический тест.

Объекты исследования: профильное обучение химии в школе.

Цель работы: изучение естественно-математического направления в профильном обучении в школе.

Методы исследования: дифференциально - диагностический тест Климова, анкетирование.

РЕФЕРАТ

Дипломдық жұмыстың құрылымы мен көлемі: 32 беттен, 6 - кестеден, 8 - диаграммадан, 56 әдебиет көзінен тұрады.

Түйінді сөздер: бейіндік оқыту, бейіндік мектеп, бейіналды оқыту, дифференциалдық- диагностикалық тест.

Зерттеу нысандары: Мектептегі химия пәнін бейіндік оқыту.

Жұмыстың мақсаты: Мектептегі жаратылыстану - математикалық бағытын бейіндік оқытуда қарастыру.

Зерттеу әдістері: Климовтың дифференциалдық - диагностикалық тесті, сауалнама.

ABSTRACT

Structure and volume of the thesis: the thesis consists of 32 pages, 6 tables, 8 diagrams, 56 sources of literature.

Key words: profile training, profile school, pre - profile training, differential - diagnostic test.

Objects of research: specialized training in chemistry at school.

The purpose of the work: the study of natural and mathematical direction in profile training at school.

Research methods: differential diagnostic test Klimov, questioning.

МАЗМҰНЫ:

КІРІСПЕ	4
1 ӘДЕБИ ШОЛУ	
1.1 Қазақстан Республикасындағы бейіндік оқытуды қарастыру	5
1.2 Жаратылыстану - математикалық бағыттағы бейіндік оқытудың әдістемелік жолдары	7
1.3 Жаратылыстану- математикалық бағытындағы химия пәні бойынша жалпы білім беретін орта мектептің 10 - 11 сыныптарында бейіндік оқылатын курстың әдістемесі мен мазмұны	8
2 ТӘЖІРИБЕЛІК БӨЛІМ	
2.1 Климовтың дифференциалдық - диагностикалық тесті бойынша білім алушылардың типін анықтау	17
2.2 Тәжірибелік бөлімнің қорытындысы	24
ҚОРЫТЫНДЫ	27
ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ	28

КІРІСПЕ

Зерттеу жұмысының өзектілігі. Бейіндік оқыту - білім алушылардың қызығушылығын, қабілетін дамыту арқылы олардың болашақ мамандығына бейімделуін қамтамасыз ететін оқыту. Бейіндік оқытуда элективті курс оқытылады. Элективті курс латын тілінен аударғанда «таңдаулы» деген мағынаны білдіреді. Элективті курс бейіндік оқуда білім алушының білім алу кезінде тұлғалық - бағыттылық әрекетін ұйыдастыруды қамтамасыз етеді. Элективті курстың мақсаты - білім алушылардың пәнге деген қызығушылығын дамыту, білім алушының жаратылыстану- математикалық пәндерді оқудан ғылыми- теориялық білімін тәжірибеде қолдана білуі, жаратылыстану- математикалық пәндерді басқа ғылымдармен байланыстыра білуі.

Бейіналды дайындық- бұл болашақ мамандығын есепке ала отырып, бейіндік оқытуды таңдау барысында 10 - 11 сыныптардың (12 - сынып) өзін-өзі анықтауға арналған ақпараттық жүйе және ұйымдастырудың іс - әрекетіндегі ұжымдық, психологиялық - педагогикалық демеу.

Жұмыстың мақсаты: Мектептегі жаратылыстану - математикалық бағытын бейіндік оқытуда қарастыру.

Зерттеу объектісі - Мектептегі химия пәні бойынша бейіндік оқыту.

Зерттеу пәні - Мектепте жаратылыстану - математикалық бағытын бейінді оқытуда химия пәнін қарастыру.

Дипломдық жұмыстың құрылымы: кіріспе бөлімінен, жалпы бөлімнен, тәжірибелік бөлімнен, қорытындыдан, пайдаланылған әдебиеттер мен қосымшалардан тұрады.

1 ӘДЕБИ ШОЛУ

1.1 Қазақстан Республикасындағы бейіндік оқытуды қарастыру

Ұлттық мектеп моделінің өзегі - тәуелсіз еліміздің жас ұрпағын іскер де ойлы, батыл да жігерлі, интеллектуалдық деңгейі биік, білімді, сегіз қырлы, бір сырлы азамат пен азаматша етіп тәрбиелеу.

Мемлекеттің білім саясаты, ең біріншіден, мектептер арқылы жүзеге асырылады. Осыған сай педагогтың бірінші міндеті - рухы мықты, жан - жақты дамыған жеке тұлға қалыптастыру. Мұғалімнің басты міндетінің бірі - білім алушының қызығушылығын дамыта отырып, дарыны мен талантын ашу, ойлау қабілетін жетілдіру, өз - өзіне сенімділіктерін арттыру.

Бейіндік оқыту бағдарламасының бағыты бойынша болашақ педагог мамандықты дамыту - білім беру саласында өзекті мәселенің бірі болып табылады. Білім алушылардың қызығушылығын дамыта, бейімділігі мен өабілеттерін ескере отырып, оқытудың саралау және даралау әдісі мен білім беру процесін ұйымдастыруда бейіндік оқытудың теориялық қағидаларын талдау.

Қазақстан Республикасында бейіндік оқыту жалпы білім беретін мектептің 10 - 11 сыныптарында (12 - сыныпта) қолданылады, сол себепті білім берудің осы сатысын «бейіндік мектеп» деп атайды.

Бейіндік мектеп 10 - 11 сыныптарда бейінді оқытуды, бейіндік және элективті курстары кіретін, білім алушылардың өз білімін алу кезінде жеке таңдауларын қамтамасыз етуге жеткілікті қорлары жоқ білім беру ұйымдары мен мектептерін біріктіретін білім беру жүйесі.

Бейіндік мектеп бейіналды дайындық пен бейінді оқытуды іске асыру мақсатында, қажетті білім беру мүмкіндіктері бар аудан орталықтарында немесе қалаға жақын тұрғылықты жерлерде орналасқан, білім алушылардың қатынауы жеңіл білім беру ұйымы құрылады.

Бейіндік оқыту оқу жоспарына сүйене отырып, бейіндік мектепте жүзеге асырылады. Бейіндік оқыту базалық оқу пәндерінен және элективті курстан тұрады. Бейіндік оқыту зертхана мен шеберханалары бар мектептерде өткізіледі.

Қосымша білім беретін бейіндік мектеп - білім алушылардың қабілеттері, қызығушылықтары мен танымдық мүмкіндіктерін жетілдіру барысында, барлық білім алушылардың шығармашылық қабілеттерін қамтамасыз ету мақсатында жалпы білім беретін мектеппен біріктіретін қосымша білім беру жүйесі.

Қосымша білім беретін бейіндік мектеп білім алушылардың қызығушылықтарына сай шығармашылық дамытатын қосымшаа білім беретін тірек ұйым. Қосымша білім беретін мектепке өнер мектептері, музыка мектебі, спорт мектептері кіреді.

Бейіндік мектеп білім беру мектептерінің білім алушыларына бейінді оқыту мен бейіналды дайындықтың оқу бағдарламалары бойынша білім беру

қызметінің барша типтері мен түрлерін ұсына алады. Білім беру мәселелеріне қатысты өз базасында педагогтар мен білім беру мекемесінің басшылары үшін практикаға бағытталған іс - шаралар жүргізе алады.

Бейіндік мектеп білім алушыларының оқу бейінін таңдауы - бейінді оқыту құрылымының негізі, сол себептен білім алушыларға үнемі ізденісте болып өз бағытын табуына, жеке оқу жүйесін табуға көмек көрсету басты міндет.

Бейіндік оқытуда білім берудің жоғары сатысындағы білім алушылардың бейінді оқыту мазмұнын анықтауға білім алушылардың қызығушылығы, жетістіктері мен таңдаған кәсіптері көрсеткіш ретінде қабылданады. Білім алушыларға қатысты көрсеткіштерден басқа ата-аналардың үміті, әлеуметтік қажеттілік те белгілі дәрежеде әсер етеді.

Бейіндік оқытуды аяқтаған білім алушының бәсекеге даяр болуы: білім алушының білім, білік, дағдыларына ғана қатысты емес, өз бетімен білім ала алатын, кәсіби бағытқа бейімделген, тілдік сауаттылығы, саясат пен құқықпен таныс, жаратылыстану заңдылықтары бойынша білімі бар, жеке тұлға ретінде қалыптасқан тұлға тәрбиелеу мақсат.

Бейіндік білім берудің мақсаттарының бірі - оқуға ынтасы бар барлық білім алушыларға өзінің жеке қызығушылықтары мен қажеттіліктеріне сай сапалы білім берудің қолайлығы мен таңдаған бағытқа сай пәндерін базалық тереңдетілген және кеңейтілген дәрежеде оқыуын қамтамасыз ету, әрі қарай оқу бағдарын таңдау үшін жағдай жасау тиісті. Бір сыныпты екі бағдарға бөліп оқыту ауылдық жерлерде орналасқан мектептерде білім алушы саны аздығына байланысты өзекті мәселе туындайды. Білім алушы жоғары сыныпқа көшкен сайын олардың қабілеті мен кәсіби икемділігі жетіле бастайды. Белгілі бір пәнге қабілеті мен қызығушылығын көрсете білген білім алушы өзіне лайықты кәсіпті яғни мамандықты дұрыс таңдай алады. Ал жеке бір пәнге қызығушылық танытпаған білім алушы таңдаған мамандығын жиі ауыстырып, қиындықтар туындайды.

Бейіндік оқыту - білім алушылардың жеке тұлға ретінде қалыптасуын және өмірлік өзін - өзі анықтауын қамтамасыз ететін, оқытудың даралап және саралап оқыуын жүзеге асыратын жалпы білім беру кезеңін тәмәмдау. Бейіндік оқыту оқытуды ұйымдастыру жүйесінде 10 - 11 сынып білім алушыларының қабілеті мен қызығушылығы ескерілген жағдайда білім алушының болашақ мамандық бағытына сәйкес дербес дамуына жағдай жасалады.

Бейіндік оқытудың мақсаты - білім алушының өзін-өзі қызығушылығы мен қабілетін дамыта отыра, өзін - өзі анықтау мен кәсіби бағдарын қамтамасыз ету, білім алушылардың саналы түрде мамандық таңдауына мүмкіндік туғызу.

Бейіндік оқыту жеке тұлғаға бағыттала отырып, мынадай міндеттерді жүзеге асырады:

-жалпы орта білім бағдарламасының жеке пәндерін тереңдете оқыту;

- білім мазмұнын саралауға және әр оқушының өзіндік білім траекториясын құруға жағдай жасау;
- жалпы орта және кәсіби білім арасындағы сабақтастықты, бағдарлысынып оқушыларын жоғары оқу орнында білімін жалғастыруға дайындауды қамтамасыз ету;
- оқушының белгілі сала бойынша қабілетін ұштау, оның бойында келешекке қажет білік пен дағданың қалыптасуына мүмкіндік жасау.

1.2 Жаратылыстану - математикалық бағыттағы бейіндік оқытудың әдістемелік жолдары

Қазақстан Республикасында білім беру саласында жүріп жатқан реформаның басымдық алуы, мемлекет дамуындағы ұзақ мерзімге қарастырылған мақсаттарға жету жету жолындағы қоғамдық прогрестің заңдылықтарынан туындайды. Бұл Қазақстан Республикасының тұңғыш Президенті - Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаевтың ««Қазақстан - 2050» стратегиясы қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты» атты Қазақстан халқына Жолдауында Қазақстанның бәсекеге қабілетті 30 елдің қатарына қосылуы, қазақстандақ білім берудің халықаралық білім кеңістігінен лайықты орын алуы стратегиялық маңызға ие жоба есебінде көрсетілген .

Сондықтан да қазіргі қоғам өмірінің барлық білім беру саласында, соның ішінде тұлға қалыптасуының негізін қалайтын жалпы білім беретін мектептің базалық білім мазмұнына болашаққа бағдарланған жаңартулар жасауды қажет етеді. Қазақстан Республикасында білім беруді дамытудың 2011 - 2020 жылдарға арналған Мемлекеттік бағдарламасында 2007 жылғы Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңына сәйкес орта білім беру деңгейінің жоғарғы сынып оқушыларына бейіндік оқытуды енгізу қарастырылуда. Бейіндік оқыту, білім беру сапасын көтерудің, мемлекеттің және қоғамның, тұлғаның өзекті және келешектегі қажеттіліктерін жүзеге асырудың бірден бір құралы ретінде қарастырылады .

Стратегиялық тұрғыдан анықталғандай, жалпы орта білім беру бағдарламалары «білім беру мазмұнын кәсібилендіру және кіріктіру, саралану негізінде әзірленетін болады». Оқушыларға «шығармашылық қызметіне және жеке қабілетінің дамуына ерекше орын берілетін, дараланған білім беру бағдарламаларын таңдауға мүмкіндік беріледі. Жинақталған білім алуға, өздігінен және шығармашылықпен қолдана білуге ұмтылу, әлем, қоғам және адам туралы жүйеленген түсініктерді кеңейтіп, тереңдетіп игеруге көшу қамтамасыз етіледі».

Қазақстанда бейіндік оқыту жүйесін дамыту өзектілігі бірқатар факторлармен анықталған:

- еңбек нарығының мектеп түлектерінің дайындығына қоятын талабы;
- білім берудің келесі деңгейлерімен сабақтастығын жүзеге асыру қажеттілігі.

1.3 Жалпы білім беретін орта мектептің жаратылыстану-математикалық бағытындағы 10 - 11 сыныптарында бейіндік бағдар бойынша оқытылатын курстар.

Қазақстанда бейіндік оқыту жүйесін дамыту өзектілігі бірқатар факторлармен анықталған:

- еңбек нарығының мектеп түлектерінің дайындығына қоятын талабы;
 - білім берудің келесі деңгейлерімен сабақтастығын жүзеге асыру қажеттілігі.
- Қазақстанда бейіндік оқыту жүйесін дамытудың ықпалдастығы:
- білім алушыларды әлеуметтендіруде педагогикалық жағдайды кеңейту, алдағы уақытта еңбек нарығының алға қарай даму жағдайында оларды саналы тандау жасауға дайындау;
 - орта білім алу жолдарын анықтауда негізгі мектеп түлектеріне әлеуметтік-педагогикалық қолдау көрсету;
 - үздіксіз білім беру жүйесінің барлық деңгейлерінде оқытуды ұйымдастыруға тәсілдерді үйлестіру.

Республикамыздың жалпы білім беретін орта мектептерінде бүгінгі таңда оқытылып жатқан білім беру мазмұны ортақ стандарттың негізінде құрастырылып жалпыға бірдей негізде жүргізілуде. Осыны басты бағдар ете отырып оқушыларға білім беруді мемлекетіміз күн тәртібінен түсірмей кезең-кезеңімен іске асыруда. Орта мектеп оқушыларын оқытуда болашақтағы таңдайтын мамандықтарын, кім болатынын айқындамаса оның ертеңі бұлыңғыр екені мәлім болғандықтан, педагог қызметкерлердің алдына мемлекетіміз бірнеше түрлі талаптар қойған болатын. Осы талаптар оқыту жүйесіне толығымен кіргізіліп, түбегейлі орындалуын Білім және Ғылым министрлігі жоспарлы түрде ұсынып отыр. Бұл дегеніміз оқытумен қатар тәрбие жұмысының бірге жүргізілуінде. Оқыту ісінде тәрбиелік білім беруісі педагог маманның жоспарына кіргізіліп теориялық білім беру мен қатар тәрбие педагогикасы сыныптың өсу қарқынымен бірге жүргізіліп келеді. Орта мектептің жалпы сыныптарында білім берудің бағдарламасы бірыңғай жүйе бойынша оқытылып келеді. Осы негізде елімізде орта мектептер: Жалпы білім беретін жәй мектеп, мектеп - гимназия, гимназия, лицей деген сияқты түрлі негізде жұмыс жүргізуде. Бейіндік оқытуды іске асыру, білім алушылардың саналы түрде кәсіптік, азаматтық, тұлғалық өзін-өзі анықтауына мүмкіндік беретін түйінді құзыреттіліктерді игеруін қамтамасыз ету және даралық білімдік қажеттіліктерін қанағаттандыру.

Қазақстанда бейіндік оқытуды ұйымдастыру екі кезеңге бөліп қарастыруға болады. Бірінші кезеңі, ХХ ғасырдың 90 - жылдарынан бастап, білім беру мекемелерінің (лицей, гимназия, арнаулы мектептер, дарынды балалар мектебі, халықаралық мектептер) моделінің дамуы және қалыптасуымен, мемлекеттік емес сектордағы оқу орындарының құрылуымен, авторлық оқу курстарының бағдарламасын әзірлеумен, қолданылатын білім беру технологиялар спекторының кеңейуімен байланысты. Қазақстанда бейіндік оқытуды ұйымдастырудың негізгі

идеялары Қазақстан Республикасының жалпы білім беретін мектептерінің даму тұжырымдамасында (1996 ж.), жалпы орта білім берудің мазмұнының Тұжырымдамасында (1996 ж.) көрініс тапты. «Білім» (2000) Мемлекеттік бағдарламасы «бейіндік оқытуды деңгейлеп саралап жіктеу мен даралауды жүзеге асыруда, соның ішінде сыныптың сыйымдылығының аздығы жағдайы» үшін «педагогикалық қызметкерлердің дайындық деңгейін мазмұнды жақсарту мен оқу процесін өзгеше негізде ұйымдастыру» қажеттігімен түсіндірілді. Екінші кезеңі, Қазақстан Республикасының Мемлекеттік жалпыға міндетті жалпы орта білім беру стандартын «Негізгі ережелер» енгізумен байланысты. Бұл құжатта жалпы орта білім берудің жоғарғы сатысына сипаттама беріліп, 2006 - 2007 оқу жылынан бастап Қазақстандағы бейіндік оқытуды ұйымдастырудың негізі анықталды. Бейіндік оқытудың міндеттеріне оқушылардың танымдық қызығушылығын, шығармашылық қабілетін дамыту, саралап жіктеп оқыту негізінде өзіндік оқу қызмет дағдысын қалыптастыру енгізіледі. Бейіндік оқыту мазмұнын іріктеу базалық білім беруді қамтамасыз ету үшін толық функционалдық негізге, сонымен қатар жалпы орта білім беру сатыларының сабақтастығына (бастауыш, негізгі, жоғарғы) сәйкес жүзеге асырылады. 12 жылдық білім беру жағдайында бейіндік оқыту арнайы жаңадан салынған бейіндік мектептерде және жалпы орта білім беретін ұйымдарда (лицейлерде, мектеп-гимназияларда, колледждерде) жүзеге асырылады. Жалпы орта білім беру жүйесінде бейінді оқытуды жүзеге асыру – білім алушылардың саналы түрде кәсіптік, азаматтық, тұлғалық өзін-өзі анықтауына мүмкіндік беретін түйінді құзыреттіліктерді игеруін қамтамасыз ету және даралық білімдік қажеттіліктерін қанағаттандыру болып табылады. Бейіндік оқытуда білім беру үдерісінің мазмұны жүйелі - әрекеттік және 7 тұлғаға бағдарланған тәсілдер әдіснамасына негізделіп, жеке оқытуды, өздігінен білім алуды, сол сияқты білім алушылардың өзіндік дамуын, өзін-өзі жүзеге асыруын қамтамасыз етеді.

Бейінді оқыту: білім алушылардың мүдделерін, бейімділігі мен қабілеттерін ескере отырып, оқытуды саралау және даралау үдерісі, білім беру үдерісін ұйымдастыру. Оқытуды саралау және даралау базалық курстар, бейіндік курстар, элективті курстар арқылы жүзеге асырылады. Базалық курс оқушылардың барлығы игеруге міндетті жалпы білім беретін пәндер. Бейіндік курс: тереңдетіліп оқытылатын, жалпы орта білім беру деңгейінде бейіннің мазмұнын және оқытудың бағытын айқындайтын оқу пәні. Элективті курстары: мазмұны білім алушылардың танымдық қызығушылықтарын жеке бейімі мен таңдауына сәйкес қанағаттандыруға мүмкіндік беретін, пәндер бойынша білімдердің кеңейтілуі мен тереңдетілуіне ықпал ететін оқу курстары. Таңдау курстарының жиынтығы оқу жоспарының вариативті бөлігін құрайды. А.Ю.Скопинаның бейінді оқытуды ұйымдастыру моделі бойынша бейінді оқыту екі құрылымнан тұруы керек:

1. Оқу курстарының қысқаша сипаттамалары, бұл бағдарламаны меңгеру үшін дайындық сипаты мен бағдарламаны меңгеру нәтижесінің талаптары берілген бейінді оқыту бағдарламасы.

2. Бағдарламаны меңгеру траекториясынан - «оқу курстарын оқыту ретін, орнын, оқыту әдістемесі мен оқыту нәтижесін көрсетеді»

Бейіндік оқыту тұлғалық бағдарлы дамытуға жағдай жасап, оқу жоспарының екі құрылымымен сипатталады: мектеп және оқушы компоненттері. Мектеп компоненті таңдалған бейінге сәйкес министрліктің дайындаған міндетті базалық және бейіндік пәндерден тұрады. Оқушы компоненті элективті курстардан тұрады. Базалық, бейіндік, элективті курстардың үйлесімді ұйымдастырылуы бейінді оқыту мақсаттарына жетуін, және келесі принциптердің жүзеге асыруға мүмкіндік береді:

1) аймақтық принципі мектеп түлегінің еңбек нарығы негізінде жергілікті оқу орындарын таңдаудағы ерекшеліктерімен сипатталады;

2) вариативтілік принципі мектеп бітірушісіне ұсынылатын бейіндер мен оқу курстарының жеткілікті мөлшерде болуы;

3) даралық принципі жоғары сынып оқушысының кез - келген этапта бейінін ауыстыруға, өмірлік мақсаты мен кәсіптік жоспарларына сай, жеке мүмкіндігі мен қабілетіне қарай бейін таңдаудағы еркіндігінің болуы;

4) өнімділік принципі бейіндік мектепте оқушының оқу әрекетіне жоба әрекетін енгізу арқылы оқу өнімділігін жетілдіру;

5) түсініктілік принципі бейінді оқыту мазмұнының негізгі ұғымдардан басталып, оқушының танымдық әрекеті барысында толықтырылы уы мен байланысты.

Бейінді оқыту тұжырымдамасына сәйкес мектептің оқу жоспары келесі талаптарға сай болуы керек:

1. Вариативтілік - жоспарда элективті курстары көп мөлшерде болуы керек, оқушылардың білімдік сұраныстарын қанағаттандырып, жеке жоспар құру мүмкіндігінің болуы.

2. Жүзеге асырылатындығы - жоспарды жүзеге асыру үшін қажет ресурстардың:

Бағдарламалық - әдістемелік, кадрлардың дайындығы, мектептің материалды-техникалық базасы т.б. болуы.

3. Икемділігі - вариативтілікке сай жоспардың мазмұнын қайта құру, өзгерту мүмкіндігі.

Элективті курстарын жалпы орта және кәсіптік оқу орындарында жүйесінде оқу - тәрбие үдерісінде білім мазмұнын жүзеге асыру құралының құрылымдық бірлігі ретінде де қарастырылған. Элективті курстарды бір тұтас дидактикалық бірлік ретінде алғанымен біз мақсаттық бағдары тұлғалық дамыту мен оқушының кәсіптік өзін-өзі анықтауға арналған мектептік білім берудегі вариативті компонент ретінде қарастырамыз. В.В.Краевскийдің оқу пәні туралы зерттеулеріне сүйеніп, оқу пәні бейіндік оқытудың бір сатысы ретінде қазіргі ғылымның интегративті, тереңдетілген бағыттарын анық көрсететінін атап өтуге болады. Элективті курстың мазмұнын

калыптастырушы сол ғылыми білімнің сәйкес саласы. Оқу пәнінің когнитивті моделін құрылымдау В.В. Краевский, В.С. Леднев, И.Я. Лернер, М.Н. Скаткин пікірінше, білім мақсатымен білім алушының мүмкіндігіне қарай нақты білім беру деңгейінде меңгерілетін жеке ғылымның материалын таңдау. Білім мазмұнының алғашқы анықтамаларында оны ғылым негіздерін педагогикалық бейімделген негізі ретінде қарастырады. 3. А.Решетова пікірінше, оқу пәнінің мазмұны қарапайым формада болса да ғылым логикасына сай тарихи, әдіснамалық, логикалық аспектілерін қамтиды. Сонымен бірге, оқу пәніндегі ғылым пән туралы білім ретінде ғана емес, ғылыми ойлау тәсілдерін көрсететін танымдық әрекетін ұйымдастыру ретінде де қаралу керек. В. В. Краевский бұл тұжырымдаманың оқушыларды ғылым мен өндіріске тартып қана қоймай, тұлғаның жеке шығармашылықтары мен таңдау еркіндігін жүзеге асырып, адамдарға әділ қарым-қатынасы сияқты сапаларының тыс қалмауына бағыттайтынын көрсетеді. Келесі педагогтар тобы В.С.Леднев, И.Я.Лернер, М.Н.Скаткин көзқарасы бойынша, оқу пәні ғылымды дәл көшірмеуі керек, оның басқа мақсаттары мен міндеттері болғандықтан арнайы құрылуы керек.

12 жылдық білім беруге көшу жағдайында бейіндік мектеп қызметін жетілдіру және ондағы бейіндік оқыту жүйесін ұйымдастыру мен дамытудың өзектілігі:

- мектептердің 12 жылдық білім беру үлгісіне көшуі;
- қосымша білім беру;
- болашақ мамандығына сәйкес білім алу бағытын таңдау;
- шетелдік тәжірибедегі жоғарғы сыныптағылардың оқуын ұйымдастыру тенденциялары;
- еңбек нарығының мектеп түлектерінің дайындығына қоятын талабы. Бейіндік оқыту жүйесін дамытудың ықпалдастығы:
- білім алушыларды әлеуметтендіруде педагогикалық жағдайды кеңейту, Алдағы уақытта еңбек нарығының әрі қарай даму жағдайында оларды саналы таңдау жасауға дайындау;
- негізгі орта білім алу жолдарын анықтауда негізгі мектеп түлектеріне әлеуметтік - педагогикалық қолдау көрсету;
- үздіксіз білім беру жүйесінің барлық деңгейлерінде оқытуды ұйымдастыру тәсілдерін үйлестіру. 12 жылдық мектептегі жоғары сынып, бұл жалпы орта білім берудің соңғы кезеңі болып табылады. Бұл деңгейдің негізгі мақсаты - оқытудың саралануымен даралануына бағдарланған жалпы орта білім беруде бейіндік оқыту, оқушылардың болашақ кәсіби қызметіне саналы да жауапты таңдау жасауына, жеке және өмірлік өзін - өзі танытуына жағдай жасау.

12 жылдық білім беру жағдайында бейіндік оқытуды ұйымдастыру барысында жаңа формаларды қолдану төмендегідей жетістіктерге қол жеткізуге мүмкіндік береді:

- оқушы өзі таңдаған бейіндігіне сәйкес терең білім алуға, алғашқы кәсіптік білімді меңгеруге мүмкіндік алады;

- өзінің қабілеті мен бейінділігіне қарай білім мазмұнын тандап оқуға қолжеткізеді;
- оқу мүмкіндігіне қарай білім мазмұнының игерілуі мүмкін, әрі міндетті деңгейлері жүзеге асырылып, мұғалім мен оқушы арасындағы қайшылықтың бір үлкен түйіні шешіледі;
- білім алушы оқу үрдісінде белсенді ұйымдастырушы, өздігінен білім жолын игеруші, нәтижесін бағалаушы тұлғаға айналады;
- бейіндік оқыту жеке адамының өзін - өзі дамытуда жетілдіру тұрғысынан ұйымдастырылғандықтан, сыртқы әсерден гөрі сыртқы мотивацияның үлес салмағы артып білімді игеру жолындағы табыстан туатын құштарлық, құлшынысы жетіледі, білімді игерудің жаңа қайнар көзі пайда болады;
- білім алушының даму кеңістігіне толық мүмкіндік беріліп, өзін - өзі дамыта, басқара отырып, өсу траекториясын өзі белгілеуші болады.

12 жылдық білім жүйесіндегі бейіндік мектепте негізгі үш бағыт басшылыққа алынады:

1-бағыт: оқушының жеке қабілеттерін есепке ала отырып жеке даралық бағытта оқыту.

2-бағыт: оқушының потенциалдық мүмкіндіктерін есепке ала отырып жеке даралық бағытта оқыту.

3-бағыт: ішкі қажеттіліктерді есепке ала отырып жеке даралық бағытта оқыту.

12 жылдық білім беру жүйесі бойынша бұл бағыттарды жүзеге асыру үшін

мұғалім мынадай негізгі компоненттермен таныс болуы тиіс :

Білімнің базалық мазмұны - жалпы орта білім беретін ұйымдардың меншік

нысанына, типі мен түріне қарамастан, меңгеруге міндетті, орта білім берудің келесі деңгейлерінде оқуды жалғастыруға жеткілікті болатын білім мазмұнының құрамы мен көлемі;

Оқу жоспарының инвариантты компоненті - орта білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандартына енгізілген және жалпы білім беретін ұйымдарда оқуға міндетті пәндердің жиынтығы;

Бейіндік пән - жалпы орта білім беру деңгейіндегі оқыту бағытына сәйкес нақтылы мазмұны бар болатын типтік оқу жоспарының инвариантты компонентінің пәні.

Жалпы орта білім мазмұнының инварианттық компоненті типтік оқу жоспарларында, ал вариативтік компоненті оқу жұмыс жоспарларында беріледі.

10 - 11 сыныптардағы бейіндік оқыту инварианттық компонентке енгізілген базалық пәндер мен жаңа мазмұнды бейіндік пәндер есебінде және вариативтік компонентті (мектептік және оқушы компоненттері) пайдаланумен жүзеге асырылады (1-кесте).

Кесте 1 – Бейіндік оқытудың типтік оқу жоспарының ерекшеліктері

	Жаратылыстану-математикалық бағыты	Қоғамдық-гуманитарлық бағыты
Инварианттық компонент	Базалық пәндер	Базалық пәндер
	Бейіндік пәндер	Бейіндік пәндер
Вариативтік компонент	Қолданбалы курстар	Қолданбалы курстар
	Таңдау бойынша курстар	Таңдау бойынша курстар

Бейіндік оқытудағы бейіндік пәндер және олардың мазмұны әр бағытта (жаратылыстану математикалық, қоғамдық-гуманитарлық және технологиялық бағыттар) әртүрлі болады, яғни бейіндік пәндер жоғары сыныптағылардың бейіндік оқыту бағытын, мамандандыруды қамтамасыз етеді. Сонымен қатар, бейіндік пәндер:

- оқыту бағыттарына байланысты сараланған түрде болады;
- инварианттық компонентке қосылған және олардың бағдарламалары мен оқу-әдістемелік кешендері мемлекеттік деңгейде әзірленеді;
- жаңашыл және тәжірибеге бағытталған қолданбалы мазмұнды қамтиды;
- көп тілді оқыту арқылы жүзеге асырылады;
- бейіндік оқыту аясында жекелей және аралас пәндерді кіріктіру жолымен орта мектеп пен жоғары мектептің бакалавриат бағдарламасындағы сабақтастықты қамтамасыз етеді.

11 - 12 сыныптарда бейіндік оқытудың білім мазмұны жаратылыстану-математикалық, қоғамдық - гуманитарлық және технологиялық бағыттардың ішкі бағдарларға бөлінумен жүзеге асырылады, яғни жаратылыстану - математикалық бағыт химия - биологиялық, физика- математикалық және т.б. бағдарларға, ал қоғамдық - гуманитарлық бағыт филологиялық, тарихи - құқықтық, әлеуметтік - экономикалық және т.б. бағдарларға бөлінеді.

Білім берудің тұлғаға бағдарланған парадигмасын іске асыру бейіндік оқытуды ұйымдастыру ережесіне байланысты.

Бейіндік оқытуды ұйымдастыруда төмендегідей басқарушы ережелері басшылыққа алады:

1. Қазақстан Республикасының жалпы орта білім беру деңгейінің Мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты жалпы орта білім берудің жаратылыстану - математикалық, қоғамдық - гуманитарлық, технологиялық бейіндік оқыту бағыттарын анықтайды.
2. Бейіндік оқыту бағдарламасын жүзеге асыруда, оның ішінде үш ұстанымы ескеріліп, оқу орындарының түрлері анықталады:

- а) Республикада бейіндік оқыту тәжірибесімен қалыптасқан, жалпы білім беретін мекемелердің әр түрлі орындары бар;
- б) Қазақстандағы техникалық және кәсіптік білім беру жүйесінің дамуымен орта буынның білікті мамандарын даярлауға әлеуметтік тапсырыс;
- в) Негізгі білім беру бағдарламалары бойынша үлгермеген оқушылар үшін жоғары сатыдағы бағдарламаларды шығару білім берудің Халықаралық стандартының, топтастыру ережесімен келісілген.

компонент), таңдау бойынша курстар (оқушы компоненті) енгізеді.

Таңдау бойынша міндетті пәндерге оқушылар үшін қатысу міндетті. Берілген компонент білім беру мазмұнының вариативті элементімен қарастырылып, мектеп өздігінен ұйымдастырады. Міндетті пәндер «толықтыру» қызметін орындап, «өзге» бағыттағы мазмұн есебінен білім беруді толықтырады. Оқушылар басқа бағыттағы жалпы білім беретін бейіндік пәндердің тізімінен екі оқу пәнін таңдау мүмкіндігін алады. 11 - 12 сыныптардағы бейіндік оқытудың қалыптасқан мақсаттары мен үш бағытта ұйымдастыру құрылымы, ұйымдастырудың әр алуан түрлері нұсынады. Бейіндік оқытуды ұйымдастырудың оқу жоспарларын іске асыру кезінде оқу мекемелерінің білім беру қорларымен қамтамасыздығы бейіндік оқытудың түрлерін анықтаудың негіздемесін қарастырады. Бейіндік оқытудың негізгі ұйымдастыру түрлеріне мектепшілік және желілік бейіндік оқыту жатқызылады.

Соңғы 3 жылда бейінді оқытудың мектепшілік ұйымдастыру түрінде жалпы білім беретін оқу орны оқушылардың білім алу қажеттілігіне, кадрлық және оқу - әдістемелік күш-қуатына байланысты бейінді оқытудың ұйымдастырылатын бағыттарын өздері анықтайды, ал бейінді оқытуды желілік ұйымдастыру түрі оқу орындарын қатыстыру есебінен іске асырылады.

Мектепшілік бейіндік оқыту. Жалпы білім беретін оқу орны оқушылардың білім алу қажеттілігіне, кадрлық және оқу - әдістемелік күш - қуатына байланысты бейіндік оқытудың ұйымдастырылатын бағыттарын өздері анықтайды.

Көп бейінді оқыту кезінде (грек сөзі. poly - көптеген, есепсіз, көлемді) оқу орны бейіндік оқытудың 2 - 3 бағытын іске асырады (жаратылыстану - математикалық немесе қоғамдық - гуманитарлық немесе технологиялық).

Бейіндік оқытудың желілік ұйымдастыру түрі білім беру ұйымдарының білім беру қорларына оқу орындарының қатыстырылу есебінен іске асырылады. Осындай ынтымақтастықтың екі негізгі нұсқасы қарастырылады. Бірінші нұсқада бірнеше жалпы білім беретін оқу орындары желіге бірігеді, неғұрлым оқу - әдістемелік, кадрлық және материалдық қорларымен қамтамасыз етілген оқу орны, оның орталығына айналады. Оқу орны желі бойынша іске асырылатын, білім беру мазмұны тізбегін және механизмін өздері анықтайды: базалық мазмұндағы жалпы білім беретін пәндер, бейіндік жалпы білім беретін пәндер немесе таңдау бойынша міндетті пәндер, таңдау бойынша курстар. Екінші нұсқада оқу орны мекеменің қосымша техникалық

